

МУРАТБАЕВ NEWS

27.04.2023|БЕЙСЕНБІ

БАСЫЛЫМ №12



САМҒАУ – 2023

«Самғау» зияткерлік пәндік олимпиадасының 3-4, 5-7, 8-11 сынып оқушыларына арналған қорытындылау кезеңі өткізілді.

ҮЗДІК БИЗНЕС ИДЕЯ -2023

Қоғамға пайдалы өнім шығаратын, адам еңбегін жеңілдететін, табыс көзіне айналдыруға болатын «Бизнес пен білім бірге» инновациялық идеялар байқауының аудандық кезеңінен Бас жүлде (100 000тг) иеленген 9 сынып оқушысы Тұрсынбай Аянды және жетекшісі Дүйсенбекова Гульмира Есеналиевнаны шын жүректен құттықтаймыз!



ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ -
БІЛІКТІ ҰСТАЗДАН!

Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шәкірттеріміз Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңінен «күміс, қола» медаль иегерлері атанды.

САМҒАУ – 2023

Гимназияның мектепішілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлері мен педагог ұйымдастырушылары оқу-тәрбие жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 13-14 сәуір күндері дарынды балаларға арналған «Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасының 3-4, 5-7, 8-11 сынып оқушыларына арналған қорытындылау кезеңі өткізілді.

Мектепішілік олимпиада жеңімпаздарын салтанатты марапаттау мамыр айына жоспарланған.

Зияткерлік пәндік олимпиаданың мақсаты оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, оқушыларды аудандық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау болып табылады.

Олимпиадаға қатысатын барлық дарынды оқушыларымызға сәттілік тілейміз!



Табиғатты қорғау, болашақты ойлау



«Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған халқымыз үшін тал егу — маңызды істердің бірі. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі. Бүгін гимназиямыздың 1-11 сынып оқушылары және белсенді ата-аналар, дәстүрлі ағаш отырғызу акциясына қатысты.

Акцияның басты мақсаты - оқушыларға жақсы үлгі көрсету, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, еңбекке баулуға, туған жерді қастерлеуді үйрету, мектеп ауласын көркейтеу - көгалдандыру.

Дарынды шәкірт - білікті ұстаздан!

Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шәкірттеріміз Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңінен «күміс, қола» медаль иегерлері атанды.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі:

2 орын - Сарваров Мурат – 9 сынып

Жетекшісі: Жунисова Роза Калдыбековна

Қазақ тілі мен әдебиеті:

3 орын - Дәуренқызы Нұрай – 10 сынып

Жетекшісі: Трусбаева Енлик Сакеновна

Орыс тілі мен әдебиеті:

3 орын - Асылханова Аруна – 11 сынып

Жетекшісі: Айдаркулова Джамиля Кадиловна

Орыс сыныптарындағы орыс тілі:

3 орын - Бондарь Катерина – 9 сынып

3 орын - Атагулов Анес – 10 сынып

Жетекшісі: Салимова Азиза Азизовна

Дарынды оқушыларымыздың талантты ұстаздарын құттықтаймыз!



ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық конкурсының қорытындысы бойынша жас зерттеушілеріміз үздіктер қатарынан көрінді.

ҚОЛА МЕДАЛЬ иегерлері:

10 сынып оқушылары - Жарқынбекқызы Ұлпан,
Дәуренқызы Нұрай

Жетекшісі: Рахметқұлқызы Мөлдір

Жас зерттеушілерімізді жүлделі орындарымен құттықтаймыз!



ҮЗДІК БИЗНЕС ИДЕЯ -2023

Қоғамға пайдалы өнім шығаратын, адам еңбегін жеңілдететін, табыс көзіне айналдыруға болатын «Бизнес пен білім бірге» инновациялық идеялар байқауының аудандық кезеңінен Бас жүлде (100 000тг) иеленген 9 сынып оқушысы Тұрсынбай Аянды және жетекшісі Дүйсенбекова Гульмира Есеналиевнаны шын жүректен құттықтаймыз!

«ASK academy» өз жұмысын бастады

Гимназиямыздың 9 сынып оқушысы Тұрсынбай Аян мектеп әкімшілігіне және өзі құрған «Бағдарламашылар» клубының оқушыларына өзі мүшесі болып табылатын «ASK academy» сервистік бағдарлама платформасының мүмкіндіктерімен және сервистерімен таныстырды. «ASK academy» программалық қамтамасыз ету және бағдарламалық бағыт бойынша оқырмандарды онлайн курстық тәжірибемен қамтитын, сервистік мамандар даярлау орталығы. Бұл орталықтың курстарына жазылып сайт және портфолио дайындауды, СММ және маркетинг тақырыптарын, үздік программалық бағдарламалармен жұмыс жасауды меңгеруге болады.



ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚ – БҰЗЫЛМАЙТЫН ҚОРҒАН

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының оқушылары Жамбыл облысы ассамблеясының «Достық үйі» мен "Көне Тараз" кешеніне саяхат жасап аспан астындағы мұражаймен танысып келді. Оқушылар облыстық тарихи өлкетану музейіне барып 65 мыңнан астам бірегей және құнды жәдігерді көзбен көріп қайтты. Іс-шараның мақсаты 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күніне орай оқушыларды ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.



«Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Мұндай сақылдаған сары аязда тоңбаса, түлкі тоны немесе қасқыр ішігі бар адамның ғана тоңбауы мүмкін. Ал Алдар көсе жарықтық шұрық тесік жаман тонмен күн сайын үсіп өле жаздайтын.

Бірде ол жапан далада жортып келе жатып, сұмдық тоңды. Аяқ-қолының жаны кетіп, бет-аузы бозарып, бас сұғар жылы үйді армандайды.

Суылдаған суық жел, үілдеген үскірік құлағының ұшын аямай шымшып, жанын шығарып барады. Жақын арада түтін түтеткен ешқандай ауыл көрінбейді.

Қанша тебіреніп, қамшысын қанша сілтегенмен Алдардың арық аты жүріп жарытпайды. Басын бір шұлғып қойып, жай ғана итіндейді де отырады.

“Жаман ат — жолдың соры. Әлі біраз жүретін шығармын. Иттің үргені естілмейді. Қақаған далада қатып өлмесем жарар еді”, — деп ішінен сөйлеп келеді.

Кенеттен алдынан бір аттылы көрінбесі бар ма? Атының желісіне қарап, иесінің бай адам екенін біле қойды. Буы бұрқырап ыссылап келе жатқан адамдай омырауын ашып тастап, әндете бастады.



«Алдаркөсенің сиқырлы тоны» ертегісінен үзінді